



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 13 ж. « 13 » ноябрь

БҰРЫН 2004 ж. « 25 » ноябрь ТІРКЕЛДІ

№ 3880-1900-А/6

“Банк ЦентрКредит” АҚ  
акционерлерінің жалпы  
жиналысында бекітілген

2013 жылғы «26» сәуір



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 13 ж. « 13 » ноябрь

БҰРЫН 2004 ж. « 25 » ноябрь ТІРКЕЛДІ

БСН 980640000093

**«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

СМОТРИ  
НА ОБЛОЖКЕ

## I. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР, АТАУЫ, ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, МӘРТЕБЕСІ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1.1. Бұдан әрі “Банк” деп аталатын “Банк ЦентрКредит” акционерлік қоғамы Алматы қаласы Әділет басқармасында мемлекеттік қайта тіркелген (07.01.98ж. берілген №7738-1910-АО куәлік) “Банк ЦентрКредит” ашық акционерлік қоғамы мен Алматы қаласы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген (25.07.97ж. берілген №391-1910-АО куәлік) “Жилстройбанк” жабық акционерлік қоғамының бірігуі арқылы құрылған және осы аталған банктердің құқықтық мұрагері болып табылады.

Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңының талаптарына байланысты Банк 25.05.2004ж. мемлекеттік қайта тіркеуден өтті.

### 1.2. Банктің атауы:

Толық атауы:

қазақ тілінде	- “Банк ЦентрКредит” Акционерлік қоғамы;
орыс тілінде	- Акционерное общество “Банк ЦентрКредит”;
ағылшын тілінде	- Joint stock company “Bank CenterCredit”.

Қысқартылған атауы:

қазақ тілінде	- “Банк ЦентрКредит” АҚ және/немесе “БЦК” АҚ;
орыс тілінде	- АО “Банк ЦентрКредит” және/немесе АО «БЦК»;
ағылшын тілінде	- JSC “Bank CenterCredit”.

1.3. Банк заңды тұлға болып табылады, жеке меншік құқығындағы окшауланған мүлкі бар және өз міндеттемелері бойынша осы мүлкімен жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерге ие болып, оларды жүзеге асыра алады, сотта талап етуші және жауапкер бола алады.

Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.4. Банктің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде банк ретінде мемлекеттік тіркелуімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік операцияларды жүзеге асыруға беретін лицензиясының болуымен анықталады.

1.5. Банк қызметінің мақсаты еліміздің экономикасының дамуына ықпал ету; Банк акционерлерінің дивидендтер алуын қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес банктік операциялардың кешенін жүзеге асырады.

1.6. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа заң актілерін, Қазақстан Республикасы жасаған және бекіткен халықаралық шарттарды (келісімдерді), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.7. Материалдық құндылықтардың сақталуын және өз қызметкерлері жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Банк заңда белгіленген тәртіпте Банктің қауіпсіздік қызметін ұйымдастыруға құқылы.

1.8. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасының аймағында да, одан тысқары жерлерде де өзінің еншілес банктерін, филиалдарын, өкілдіктерін ашады.

1.9. Банктің өз атауы көрсетілген мөрі, эмблемасы, штандарты мен логотипі бар. Банктің логотипі тіркелген тауар белгісі болып табылады. Интернет желісінде Банктің [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) корпоративтік веб-сайты бар.

1.10. Банктің орналасқан жері оның Басқармасының орналасқан жері болып табылады:

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Панфилов көш., 98.



1.11. Банктің қызмет мерзімі шектелмейді.

## II. ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

2.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы болған кезде Банк банктік операциялардың төмендегі түрлерін жүзеге асырады:

- 1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік есепшоттарын ашу және жүргізу;
- 2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік есепшоттарын ашу және жүргізу;
- 3) банктерге және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға корреспонденттік есепшоттар ашу және оларды жүргізу;
- 4) жеке және заңды тұлғаларға тиесілі тазаланған асыл металдар мен асыл металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетілетін металл есепшоттарын ашу және жүргізу;
- 5) кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны қабылдау және беру, сонымен қатар оларды майдалау, айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, буу және сақтау;
- 6) аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер жасау және ақша аудару жөніндегі тапсырмаларын орындау;
- 7) есеп жүргізу операциялары: заңды және жеке тұлғалардың вексельдері мен басқа қарыздық міндеттемелерінің есебін жүргізу (дисконт);
- 8) банктік қарыз операциялары: ақылы, мерзімді және қайтарылуға тиісті деген талаптармен ақшалай нысанда банктен несие беру;
- 9) шет ел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
- 10) банкноталарды, монеталарды және құнды заттарды инкассациялау;
- 11) төлемдік құжаттарды (вексельден басқа) инкассоға қабылдау;
- 12) аккредитив ашу (шығару) және растау, ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- 13) ақша түрінде орындалуы ескерілген банктік кепілдіктерді беру;
- 14) ақша түрінде орындалуы ескерілген банктік кепілдемелерді және үшінші тұлғалар үшін басқа міндеттемелерді беру.

2.2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы болған кезде Банк төмендегі операцияларды жүргізуге де құқылы:

- 1) тазартылған құйма бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобындағы металдар), бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 2) бағалы металдар мен асыл тастардан тұратын зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 3) вексельдермен операциялар жүргізу: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшінің вексельге төлем жасауы бойынша қызмет көрсету, сондай-ақ домицильдендірілген вексельдерге төлем жасау, делдалдық тәртіпте вексельдерді акцептеу;
- 4) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- 5) өзінің бағалы қағаздарын (акциядан басқа) шығару;
- 6) факторинг операциялары: төлем жасамау қаупін өзіне алып, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын алу;
- 7) форфейтинг операциялары (форфейттеу): сатушыға кері қайтарылмайтын вексельді сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушының қарыздық міндеттемелерін төлеу.



8) сенімгерлік операциялар: сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар мен тазартылған бағалы металдар бойынша ақшаны, талап ету құқығын басқару;

9) сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және жайларды жалға беруді қоса есептегенде құжат түрінде шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен бағалы заттарын сақтау бойынша қызметтер.

2.3. Банк бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің төмендегі түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) брокерлік – Қазақстан Республикасының және рейтинг агенттіктерінің біреуінің қажетті ең кіші рейтингі бар немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ондай рейтингі жоқ елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, базалық активтердің тізімі мен алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен;

2) дилерлік – Қазақстан Республикасының және рейтинг агенттіктерінің біреуінің қажетті ең кіші рейтингі бар немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ондай рейтингі жоқ елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, базалық активтердің тізімі мен алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен, Қазақстан Республикасының “Банктер мен банк ісі туралы” Заңының 8-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда басқа бағалы қағаздармен;

3) кастодиандық;

4) трансфер-агенттік.

Банктің бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің жоғарыда көрсетілген түрлерінің бір немесе өзара сәйкес келетін бірнеше түрін жүзеге асыруына лицензияны уәкілетті орган береді.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

### III. БАНКТИҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

3.1. Банк жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. “Алтын акция” енгізуге тыйым салынған.

3.2. Банк шығару, орналастыру, айналымда болу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленетін басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

3.3. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

3.4. Банк айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

Банктің бағалы қағаздары айырбастау талаптары, мерзімдері және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

Банк Банктің жай акциялармен айырбасталатын артықшылықты акциялар шығаруға құқылы.

Банктің айырбасталатын бағалы қағаздары тек бір рет айырбасталады.

3.5. Акцияларға немесе артықшылықты сатып алу құқығы бойынша сатып алынған, банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарға төлем жасауды акционер акцияларды орналастыру басталған күннен бастап жетпіс күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.



3.6. Банк акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес жарғылық капиталын көбейтуге құқылы.

3.7. Жарияланған акцияларды немесе жай акцияларға айырбастауға болатын басқа бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған көрсетілген бағалы қағаздарды іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3.8. Акционерлер – артықшылықты акцияларды меншіктенушілер, Жарғымен белгіленген белгілі бір кепіл берілген мөлшерде дивиденттер алу және Банк тараған кезде акционерлік қоғамдар туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте мүліктің бір бөлігін алу бойынша жай акцияларды меншіктеуші акционерлер алдында басым күшке ие.

Банктің жай акциясына айырбасталатын артықшылықты акциялар акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

3.9. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденттерді толық төлегенге дейін оның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу жүргізілмейді.

3.10. Жай акцияларға айырбасталатын Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденттер мөлшері кепіл берілген болып табылады және сол кезеңге жай акциялар бойынша есептелетін дивиденттер мөлшерінен аз болмауы керек.

3.11. Жай акцияларға айырбасталатын артықшылықты акция бойынша дивиденд төлейтін мерзім орнағанға дейін бес жұмыс күні ішінде Банк жай акцияға айырбастауға болатын бір артықшылықты акцияның есебі бойынша дивиденд мөлшерін көрсете отырып, дивиденд төлемі туралы ақпаратты, сондай-ақ төмендегі мәліметтерді республикалық баспасөз беттерінде жариялауға міндетті:

- 1) Банктің атауы, орналасқан мекенжайы, банктік және басқа да деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) дивиденд төлемі басталатын күн;
- 4) дивиденд төлеу тәртібі және нысаны.

3.12 Жай акцияға айырбастауға болатын артықшылықты бір акцияға белгіленген дивиденд мөлшері – 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) теңге.

3.13. Жай акцияларға айырбастауға болатын артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімділігі – жылына бір рет. Директорлар кеңесі жай акцияларға айырбастауға болатын артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімін, тәртібін және нысанын белгілейді.

3.14. Банк орналастырылған акцияларды Банктің акциясының бір түрінен екінші түріне айырбастауға құқылы.

Банктің орналастырылған акцияларының бір түрінен екінші түріне айырбастау талаптары, мерзімдері және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және акциялар шығару проспектісімен белгіленеді.

3.15. Банк орналастырылған акцияларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес сатып алуға құқылы. Банк акцияларды сатып алу тәртібіне сәйкес қажетті хабарландыруды уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

#### **IV. БАНКТИҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ, ҚОР ҚҰРУ**

4.1. Банктің салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі өз қызметінің нәтижесінде алған таза табысы Банктің меншігінде қалады және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің Жарғысына сәйкес Банктің резервтік капиталын, басқа да қорларын толықтыруға, акциялар бойынша дивиденттерді төлеуге



пайдаланылады, сондай-ақ Банкті дамытуға және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға бағытталады.

Есепті қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

4.2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

4.3. Төмендегі жағдайларда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеуге рұқсат етілмейді:

- 1) меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе, егер Банктің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің нәтижесінде теріс болып қалса;
- 2) егер Қазақстан Республикасының Банкроттық туралы заңына сәйкес одан төлем жасауға қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілері байқалса немесе аталған белгілер оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде Банкте пайда болса;

4.4. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Банктің акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге рұқсат етілмейді.

4.5. Банктің жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

4.6. Банк таза табысының есебінен резервтік капитал, Банктің тиімді қызмет істеуіне қажетті басқа да мақсатты және арнайы қорлар құрады.

Резервтік капиталдың ең кіші мөлшері, сондай-ақ оны құру тәртібі банктік заңнама арқылы белгіленеді.

Резервтік капитал қаражаты банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу үшін пайдаланылады. Банктің резервтік капиталын пайдалану тәртібін Директорлар Кеңесі белгілейді.

4.7. Басқа да мақсатты және арнайы қорларды пайдалану тәртібін Банктің Директорлар Кеңесі белгілейді.

4.8. Банк салықтар мен бюджетке міндетті төлемдерді төлеп болғаннан кейін таза табысының белгілі бір бөлігін қызметкерлерінің арасында бөлу үшін жұмсайды.

## V. БАНКТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ

5.1. Банктің акционерлері Қазақстан Республикасының резиденті және резиденті емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар бола алады.

Акционерлік қоғамдар туралы заңдарда көзделген жағдайлардан басқа кезде Акционерлер өздеріне тиесілі акциялар құнының шегінде Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және банк қызметіне байланысты залалдар тәуекелдігін көтермейді.



Банктің ірі акционері ретінде Банктің дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп (жинақталатын) пайызын иеленетін бір немесе өздерінің арасында жасалған келісімнің негізінде іс-әрекет ететін бірнеше акционер танылады.

Миноритарлық акционер – акционерлік қоғамның дауыс беруші акцияларының он пайызынан азын иеленуші акционер.

#### 5.2. Банк акционерлерінің құқықтары:

- 1) Акционерлік қоғамдар туралы заңда және/немесе Жарғыда көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысу;
- 2) дивиденттер алу;
- 3) Банктің қызметі туралы ақпарат алып отыру, соның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе Жарғыда белгіленген тәртіпте Банктің қаржылық есебімен танысу;
- 4) Банк тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға берілген меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алып отыру;
- 5) Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін Акционерлердің жалпы жиналысына кандидатуралар ұсыну;
- 6) Банк органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде дау айту;
- 7) өз бетінше немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызына иелік еткен кезде, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен қарастырылған жағдайларда, өзінің атынан Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыну) туралы шешім қабылдаудың нәтижесінде өздері алған пайданы (табысты) Банкке қайтару туралы талаппен сот органдарына жүгіну;
- 8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраныстар беру және осындай сұраныс түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде дәлелді жауап алу;
- 9) Банк таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу;
- 10) Акционерлік қоғамдар туралы заңдарда белгіленген тәртіпте Банктің бағалы қағаздарын немесе оның акцияларына айырбастауға болатын басқа бағалы қағаздарын басым құқықпен сатып алу;
- 11) жазбаша сұраныс беру арқылы:
  - Банк Жарғысының;
  - Филиал туралы қағиданың;
  - Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының (хаттамадан алынған үзінді көшірменің);
  - Стратегиялық даму жоспарының;
  - Банктің бағалы қағаздар шығару проспектілерінің;
  - ай сайынғы бухгалтерлік баланстың және қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептің;
  - тәуелсіз аудиторлық компанияның Банк қызметінің нәтижелері бойынша қорытындысының көшірмелерін алу.

#### 5.3. Ірі акционердің құқығы:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, сотқа оны шақыру туралы арыз беру;

2) акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер қосу туралы ұсыныс жасау;

3) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап ету;

4) өз есебінен аудиторлық компанияның Банкке аудит жасауын талап ету;



5.4. Банк акционерлерінің міндеттері:

- 1) акцияларға төлем жасау;
- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды Банк тіркеушісіне немесе атаулы ұстаушыға Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он күн ішінде хабарлау;
- 3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия болып табылатын ақпаратты жарияламау;
- 4) Акционерлік қоғамдар туралы қолданыстағы заңдарға және Қазақстан Республикасының басқа заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындау.

## VI. БАНКТІ БАСҚАРУ

6.1. Банктің органдары:

- 1) жоғары органы – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – Басқарма;
- 4) Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайтын орган – Ішкі аудит қызметі.

Банк тұрақты жұмыс істейтін комитеттер құруға құқылы, олардың қызмет ету тәртібі Банктің ішкі процедуралары арқылы белгіленеді.

6.2. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) аяқталған қаржылық жылдағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері анықталады;
- 3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеті бойынша өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Банктің акционерлеріне директорлар кеңесінің және Банктің атқарушы органының мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшерін және олардың құрамын хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

6.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатқызылады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа нұсқада бекіту;
- 2) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 3-1) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 3-2) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 3-3) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне айырбастау туралы шешімдер қабылдау, мұндай айырбастаудың талаптары мен тәртібін белгілеу;
- 4) есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;



5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, олардың біліктілігіне қойылатын талаптарды анықтау, Кеңестің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақының және олардың өз міндеттерін орындағаны үшін жұмсаған шығындарының мөлшері мен оны төлеу тәртібін белгілейді.

6) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

8) Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

9) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

9-1) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

10) Банктің Банкке тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің басқа заңды тұлғалар құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

11) Банктің акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге беретін хабарламасының нысанын анықтау және осындай ақпаратты баспасөз бетінде жариялау туралы шешім қабылдау;

12) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Банк акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, акциялардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту;

13) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

14) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Банк Жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

15) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

16) шешім қабылдау акционерлік қоғамдар туралы заңмен және/немесе Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарау.

Акционерлердің жалпы жиналысының осы Жарғының 6.3. тармағының 1)-3), 12), 15) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шығарған шешімдері Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Егер “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда және (немесе) Жарғыда басқаша белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелер жөніндегі шешімдері дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша басқа органдар қабылдаған кез келген шешімнің күшін жоюға құқылы.

Көзбе-көз тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында коммерциялық құпия емес мәселелерді талқылаған кезде Банктің акционерлері болып табылмайтын тұлғалар да қатысып, сөз сөйлей алады. Аталған тұлғалардың Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

6.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің;

бастамасымен шақырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:

1) Басқарма;



- 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) тарату комиссиясы жүзеге асырады.

6.5. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банктің тіркеушісі Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректердің негізінде жасайды.

Акционерлерге жалпы жиналыс өткізілетіні туралы хабарлама жиналыс өтетін күннен кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін жағдайда – кемінде қырық бес күнтізбелік күн бұрын берілуі керек. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастама беруші туралы мәліметтер;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ Банк акционерлерінің бірінші жалпы жиналысы болмай қалған жағдайда, екінші жиналыс өткізілетін күн мен уақыт;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күн;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі көрсетілуі керек.

Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Банктің тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.

6.6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрады және онда талқылауға шығарылатын нақты мәселелердің толық тізімі көрсетілуі керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне ірі акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыру енгізе алады, бұл кезде акционерлерге мұндай толықтырулар туралы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде он бес күн бұрын хабарлануы тиіс.

6.7. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Банктің дауыс беруші акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, онда акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

6.8. Акционер жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Банктің атқару органы мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Өкілдік ету Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде қаралатын барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы айқын нұсқаулардан тұратын сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Банк қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін қорғауға құқығы бар тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелер бойынша дауыс беру үшін сенімхат қажет емес.



Артықшылықты акциялардың иесі болып табылатын Банк акционері жеке өзі қатысу арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және олар қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

6.9. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін жиналысқа келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі өзінің Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі керек.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде белгіленген уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Жиналысқа қатысып отырған акционерлердің барлығы Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап, олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

6.10. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы да қабылдана береді. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беру кезінде акционерлер тізіміне кіргізілген тұлғаларға бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетеньдері жіберіледі (таратылады).

Дауыс беру бюллетені акционерлер тізіміне кіргізілген тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кемінде қырық бес күн бұрын жіберілуі керек. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ сырттай дауыс беретін кезде Банк Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру бюллетенін Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы хабарламамен бірге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Банктің толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастама беруші туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беретін нақты күн;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ сырттай берілетін дауыстарды есептейтін күн;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, онда сайлауға түсетін кандидаттардың аты-жөні;
- 7) дауыс беруге шығарылатын мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша “иә”, “қарсы”, “қалыс қалды” сөздерімен көрсетілген дауыс беру нысандары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуы тиіс.

6.11. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда, бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың ең үлкен мөлшерін шектеу;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әр тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша



бір дауыстан беру жағдайларын қоспағанда, “бір акция – бір дауыс” принципімен жүргізіледі.

6.12. Дауыс беру қорытындысы бойынша есептеу комиссиясы дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда, Банктің есептеу комиссиясы хаттамаға сәйкес жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру нәтижелері туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосып тіркелуі керек.

Дауыс беру нәтижелері дауыс беру жүргізілген Акционерлердің жалпы жиналысында хабарланады.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде акционерлерге хабарланады.

6.13. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Банктің толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күн, уақыт және орын;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысына шығарылған Банктің дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша берілген акционерлер дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер көрсетілуі керек.

Жалпы жиналыста Банктің Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда, жалпы жиналыстың хаттамасында сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің қай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) сайланған Директорлар кеңесі мүшелерінің қайсысының тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы (хатшылығы);
- 2) есептеу комиссиясының мүшелері;
- 3) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюы керек.

6.14. “Акционерлік қоғамдар туралы” Заң және (немесе) Жарғы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банк қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Банктің даму стратегиясын және Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау, несие, дивиденд және есеп жүргізу саясаттарын, Банктің ішкі бақылау саясатын



бекіту. Тәуекелдіктерді басқару жүйесін құруға, жетілдіруге және корпоративтік басқаруды енгізуге бақылау жасауды қамтамасыз ету;

- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Акцияларды орналастыру (іске асыру) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың санына қарай орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің орналастырған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5-1) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидаларды бекіту;
- 6) облигацияларды және басқа бағалы қағаздарды шығару (Банктің акцияларын қоспағанда) туралы шешім қабылдау, Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын белгілеу, бірақ мұнымен ғана шектелмей, облигацияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібін, облигацияларды және басқа да бағалы қағаздарды орналастыру нәтижесінде алынған қаражатты пайдалану тәртібін, облигациялардың және басқа да бағалы қағаздардың шығарылу көлемін, санын және түрін, атаулы құнын, Банктің облигациялары мен басқа да бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтарын белгілеу;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, олардың қызметіне бақылау жасау;
- 8) Басқарма мүшелерінің біліктілігіне қойылатын талаптарды белгілеу, олардың лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу талаптарын белгілеу;
- 9) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне төленетін еңбекақы мен сыйлықақы мөлшерін және оларды төлеу талаптарын белгілеу;
- 9-1) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу талаптарын белгілеу, корпоративтік хатшы лауазымына қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу;
- 10) қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша аудиторлық ұйым көрсететін қызметке жасалатын төлем мөлшерін белгілеу, сондай-ақ Банктің акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы көрсететін қызметке жасалатын төлем мөлшерін белгілеу;
- 11) Банктің ішкі қызметін реттейтін (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан басқа) құжаттарды бекіту, соның ішінде аукциондар мен Банктің бағалы қағаздарына жазылуды өткізудің талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту, Банктік операцияларды, бухгалтерлік есеп саясатын жүргізудің жалпы талаптарын, белгілейтін нормативтік құжаттарды бекіту;
- 12) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы қағидаларды бекіту;



- 13) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 13-1) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 14) Банктің міндеттемелерін оның жеке қаражатының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;
- 15) Банк туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заң бойынша қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты белгілеу;
- 16) ірі мәмілелерді және Банк мүддесі көзделетін мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
- 17) Банк орналастырған бағалы қағаздарды кепілге қабылдау кезінде бағалы қағаздарды кепілге беру шартын мақұлдау;
- 18) Банктің жай акцияларға айырбастауға болатын артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу мерзімін, тәртібін және нысанын белгілейді;
- 19) артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдайды;
- 20) Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған, “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген басқа да мәселелерді қарайды.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқарманың шешуіне беруге болмайды.

Директорлар кеңесінің Жарғы бойынша Басқарманың құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

6.15. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңға және (немесе) Банк жарғысына сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді орындауды басқа тұлғаларға тапсыруға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) жеке тұлға акционерлердің;
- 2) акционерлердің мүддесін көздеушілер ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардың;
- 3) Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің мүддесін көздеуші ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалардың қатарынан сайланады.

Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түскен жағдайды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қолдану арқылы кумулятивтік дауыс беру түрімен жүргізіледі. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде төмендегідей бағандар болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің тізімдемесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстардың саны;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлерге акционер берген дауыстардың саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньдерге “қарсы” және “қалыс қалды” деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір үміткерге толығымен дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткер арасында бөлуге құқылы. Ең көп дауыстар санын жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған деп есептеледі.



Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп үміткердің жинаған дауыс сандары тең түссе, онда акционерлерге жинаған дауыстар саны тең түскен үміткерлер көрсетілген кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньдер беру арқылы бұл үміткерлерге қатысты кумулятивтік дауыс беру жүргізіледі.

Басқарма басшысын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы керек.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

6.16. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігімен сайланады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ Жарғыда белгіленген басқа қызметтерді атқарады.

6.17. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасымен немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банкке аудит жасайтын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің

талабы бойынша шақырыла алады.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібін ұсынатын сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасына беріледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжіліс шақырудан бас тартқан жағдайда, бастама беруші осы талапты Басқармаға қоя алады, ал Басқарма Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісін Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма осындай мәжіліс өткізу туралы талап берілген күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы керек.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді. Директорлар кеңесі мәжілісінің өткізілетіндігі туралы хабарламада мәжіліс өткізілетін күн, уақыт және орын туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібіндегі мәселелер көрсетілуі тиіс.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өтетін күнге дейін кемінде жеті күн бұрын беріледі.

6.18. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу кворумы Директорлар кеңесінің мүшелері санының 50%-нан кем болмауы керек. Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысатын тәуелсіз директорлардың саны тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс.

